

Өтетін уақыты: 29 қазан, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: Зағип оқушылардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту; ертегілер әлеміне саяхат жасау

Жас бүлдіршін балалардың балалық шақтың бейнесі мен балғын сәттері гажайыпқа толы болатыны, ештеңені аландамай емін-еркін күліп ойнап, тәтті өмірдің шырынынан бал татып, ертегілер тындап осетіні қалыптасқан күндылік емес пе? Осыған орай арнайы кітапхана «Ертегілер әлемі» атты балаларға арналған кеш ұйымдастырды. «Ертегілер әлеміне» қорермен болып «Үміт» мектеп-интернатының бастауыш сынып оқушылары келді. Кешті тифло бөлімінің менгерушісі Л.Абжаппарова жүргізді. Бұл кешке балалар әдебиетіне көп көңіл бөліп жүрген ақын, түрлі жобалардың авторы Н.В.Корончуктың жана тактильді кітаптары мен, анимациялық мультфильмдернің твсаукесері болды. Зағип жандарға арналған бұл кітаптарда түрлі бейнелер безендіріліп жасалынған. Балаларға базарлық ретінде көптеген ертегілер мен өлендер ұсынылған кітаптар да бар. «Үміт» мектебінің оқушылары қуанып, қызықтарды тамашалап, өзара шаттанған жүздерін жасыра алмай, өздеріне ұнаған кейіпкерлерімен бөлісіп жатты. Л.Абжаппарова балалардың көңілін тауып, одан бөлек те түрлі қызықты әңгімелер айтып, шаттыққа бөлендірді. Қорыта келгенде, балғын көңілді, жүректері тап-таза періштедей, кіршіксіз пейілді балалар, ертегі тындады, мультфильм көрді. Бір жарым сағатқа созылған кеш сонында жас бүлдіршіндер қызықты көңіл-күймен, тандана, тәрбиешілерінің қолынан ұстап, қимастықпен тарасты.